Қазалы ауданы, Қазалы қаласының жергілікті қоғамдастық жиналысының
ХАТТАМАСЫ

Қазалы қаласы **№2** **2025 жыл 17 наурыз**
Қазалы қаласының әкімдігі **Сағат: 10:00**

Жиналысқа қатысқандар: Жергілікті қоғамдастық төрағасы С.Мусаев және қоғамдастық мүшелері (тізім бойынша), Қазалы қаласының әкімі Қ.Орынбасаров, Қазалы қаласы әкімі аппаратының қызметкерлері.

Барлығы – қоғамдастық өкілдері 11 адам.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Қазалы ауданы, Қазалы қаласының орталық аланды абаттандыру жұмыстарын жүргізу

Жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағалығына бір ауыздан С.Мусаев, хатшылығына К.Акбердиев сайланды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша:

Жиында Қазалы қаласының жергілікті қоғамдастық төрағасы С.Мусаев жиынды жүргізіп отырып, Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңадан өзгерістер енгізілгенін және Заңдылықтарға сәйкес мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілетіні туралы хабарлама жасады.

Жиналыс төрағасы С.Мусаев Қазалы қаласындағы орталық аланды абаттандыру жұмыстарын жеделдету туралы қоғамдастық мүшелерінің қарауына ұсынды.

О.Романов (қоғамдастық мүшесі, қала тұрғыны, зейнеткер) – Қазалы қаласындағы орталық аланды абаттандыру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Қалада жүргізілетін іс-шаралардың өткізілуіне, балалардың ойын алаңына барып ойнауына байланысты қиындықтар тудырады. Оның үстіне орталық алаң қаламыздың келбетін ашарына септігін тигізеді деп ойлаймын. Сондықтан, жоғарыда аталған мән-жайлар кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескере отырып, орталық аланды абаттыруды тез арада жүргізу қажет деп есептеймін.

А.Аманов (қоғамдастық мүшесі, қала тұрғыны, зейнеткер) – Қаламыздың аталған орталық алаңын абаттандыру жұмыстары толық аяқталмағаны өздеріңізге белгілі. Осы орталық аланда ойнайтын балаларымызға қиындықтар туғызуда. Қараңғы мезгілде өте қиын.

Сондықтан да, орталық алаңның абаттандыру, жөндеу, ойын алаңын орнату кезек күттірмейтін мәселе екенін айтқым келеді.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, Қазалы қаласының жергілікті қоғамдастық жиналысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қала тұрғындарының, оның ішінде мектеп оқушыларының орталық алаңда жүріп тұруының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жоғарыда аталған мәселе кезек күттірмейтін болғандықтан яғни Қазалы ауданы Қазалы қаласының орталық алаңын абаттандыру жұмыстары тиісті заңдылықтарға сәйкес жедел түрде тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырылсын.

2. Жергілікті қоғамдастық хаттамасының 1 данасы «Қазалы қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тапсырылсын.

Жиналыс барысында айтылған мәселелерді қолдап ашық дауыс бергендер саны – 11. Қалыс қалғандар жоқ.

Қоғамдастық төрағасы: **С.Мусаев**

Хаттама жүргізген: **К.Акбердиев**